

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТИ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
050013, Алматы қ., Байтұрсынов к-сі, 126
Тел.: 8(727)-2925740
Факс.: 8(727)-2925057



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынова, 126
Тел.: 8(727)-2925740
Факс: 8(727)-2925057

АЭжБУ ректорының
«20» 02 2014ж.
№ 19 бұйрығымен бекітілген

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20.02.14

№ 19

АЭжБУ қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету Ережесін бекіту туралы
«Смета бойынша сәйкесті органды ұстауға қарастырылған қаржыны үнемдеу есебінен ҚР органдарының қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына үстеме тағайындау және сыйақылау, материалдық көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 29.08.2001жылғы №1127 қаулысына 2007жылғы 11 қыркүйектегі №793 түзетулерімен сәйкес университет қызметкерлерін әлеуметтік қорғау мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. «Алматы энергетика және байланыс университеті» Коммерциялық емес АҚ (АЭжБУ) қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.
2. Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қызметкерлерге материалдық көмек көрсету барысында осы Ережені басшылыққа алсын.
3. ҚӘБ маманы С.Б.Жалбиева осы бұйрықпен университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерін таныстырсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ТӘЖ проректоры Е.А.Абдрахмановқа жүктелсін.

Ректор

Бұйрықты енгізген:

ТЖБ бастығы

Келісілді:

ОӘЖ проректоры

ҒЖЖХҚ проректоры

ТӘЖ проректоры

ҚӘБ бастығы-

бас бухгалтер

АЭжБУ қызметкерлерінің

кәсіподақ төрайымы

ҚҚС меңгерушісі

Ф.Ж.Даукеев

З.А.Абдуллина

С.В.Коньшин

В.В.Стояк

Е.А.Абдрахманов

А.А.Ибраева

Б.М.Джетписбаева

Г.Н.Бекжигитова

ЕРЕЖЕ

«АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТИ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Бұл ереже АЭЖБУ-нің қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету тәртібін оларды әлеуметтік қорғау мақсатында анықтайды.

1.2 «Смета бойынша сәйкесті органды ұстауға қарастырылған қаржыны үнемдеу есебінен ҚР органдарының қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына үстеме тағайындау және сыйақылау, материалдық көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 29.08.2001жылдың №1127 қаулысына 2007жылғы 11 қыркүйектегі №793 түзетулерімен сәйкес жасалған.

1.3 Ереже штаттық кесте бойынша қызмет ететін, негізгі жұмыс орны АЭЖБУ болып табылатын қызметкерлерге таратылады.

1.4 Бұл Ережеде материалдық көмек ретінде АЭЖБУ қызметкерлерінің еңбекақы көлемінен тыс ақшалай бірреттік төлемді түсіну керек.

1.5 Материалдық көмек университеттің өздік қаражатынан төленеді.

2. МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ МӨЛШЕРІ

Университет қызметкерге материалдық көмекті келесі жағдайларда және мөлшерлерде көрсете алады:

2.1 Негізгі жұмыс орны АУЭС болған қызметкердің қаза табуына байланысты – 20 АЕК, отбасының бір мүшесіне, мұндай адамдар болмаған жағдайда, жерлеуді ұйымдастырушыларға, бірмезгілді;

2.2 Отбасының бір мүшесі, жақын туыстары (жұбайы, ата-анасы, балалары) қаза болған жағдайда, қызметкерге – 15 АЕК, бірмезгілді;

2.3 Қызметкердің денсаулығына және дүние-мүлкіне оның құқығына қарсы әрекет салдарынан (тонау, ұрлық және т.б.), сонымен қатар табиғи апаттық жағдайларда (өрт, тасқын, жер сілкінісі және т.б.) зиян келгенде – 15 АЕК-ке дейін;

2.4 Зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмыстан босатылғанда жұмыс беруші (АЭЖБУ) мен қызметкерлердің кәсіподағының бірлескен келісіміне сәйкес.

3. МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕКТІ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

3.1 Материалдық көмекке мұқтаж АЭЖБУ қызметкері университет ректорының атына материалдық көмек көрсету туралы және оның бөліну себептерін баяндайтын өтініш жазады. Өтінішке қосымша материалдық көмектің қажеттілігін негіздейтін құжаттардың көшірмесі ұсынылады.

Өтінішке қызметкер жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің басшысы және факультет деканы қол қояды.

3.2 Қызметкер қаза болған жағдайда өтініш оның отбасы мүшелерінің атынан, олар болмаған жағдайда 3.1-т. көрсетілгендей туысының атынан беріледі немесе деканның (бөлімше бастығының) өтініші ұсынылады.

ТӨЖ проректоры

Е.А.Абдрахманов

ҚӘБ бастығы-
бас бухгалтер

А.А.Ибраева

ТЖБ бастығы

З.А.Абдуллина

АЭЖБУ қызметкерлерінің
кәсіподақ төрайымы

Б.М.Джетписбаева

ҚҚС меңгерушісі

Г.Н.Бекжигитова

04.02.2014ж. АЭЖБУ ректоратының мәжілісінде қаралды және мақұлданды (хаттама № 3).